

## Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 15 наурыз N 400

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға шұғыл шара қабылдау, республиканың тұрғындары мен шаруашылық жүргізуші объектілерінің табиғи зілзалалардан, авариялардан және апаттардан қорғалуын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мынадай мемлекеттік мекемелер (бұдан әрі - Мекемелер):

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Батыс аймақтық аэромобильді жедел-құтқару отряды;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Орталық аймақтық аэромобильді жедел-құтқару отряды құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға арналған республикалық бюджетте күтпеген шығыстарға көзделген резервінен 35 (отыз бес) миллион теңге, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Батыс аймақтық аэромобильді жедел-құтқару отрядын ұстауға және жабдықтауға 12 (он екі) миллион теңге;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Орталық аймақтық аэромобильді жедел-құтқару отрядын ұстауға және жабдықтауға 15 (он бес) миллион теңге;

Мекемелердің басшы құрамы мен құтқарушыларын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Республикалық жедел-құтқару отрядында даярлауға 8 (сегіз) миллион теңге бөлінсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2001 жылдан бастап жыл сайын республикалық бюджеттің жобасында Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне Мекемелерді ұстауға қаржы бөлуді көздесін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Астана қаласы мен Атырау облысының әкімдерімен бірлесіп бір ай мерзімде Мекемелерді орналастыру үшін қажетті үй-жайлар мен жер учаскелерін бөлуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Мекемелердің жарғыларын бекітсін, оларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын;

3) бес күндік мерзімде Мекемелердің басшы құрамы мен құтқарушыларын ұстауға, жабдықтауға және даярлауға арналған шығыстардың сметасын дайындасын және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынсын.

6 . < \* >

*Ескерту. 6-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысымен.*

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
П р е м ь е р - М и н и с т р і*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК